

2023-2024 оқу жылы бойынша Тамыз-қыркүйек айында «Мектепке жол» акциясы өтілді. Мақсаты: аз қамтылған және көп балалы отбасыларға мектеп маусымына дайындалуға көмек көрсету.

Акцияны ұйымдастыру және өткізу жөніндегі іс-шаралар жоспары жасалып, ұйымдастыру комитетінің құрамы бекітілді.

Акцияға мектеп басшылары, ата-аналар, мекеме басшылары қатысты.

«Мектепке жол» акциясының міндеті аз қамтылған отбасылардағы балаларға көмектесу. Мұқтаж балаларға қол ұшын беріп, қолдау. Биылғы оқу жылының тамыз айында жағдайы төмен және көпбалалы отбасыларының бастауыш сыныптағы балаларына материалдық көмек көрсетілді. Аталған отбасы балалары: Нұртай Нұржігіт 1-сынып. Аталған оқушыға қысқы куртка және оқу жабдықтарын мектеп ұстаздары әперді. ТОО «Жана» басшысы Касенов М.Қ. Болат Бақдаулетті 3-сынып оқушысы (20000) теңге көлемінде мектепке керекті киім-кешекпен және оқу жабдықтарымен қамтамасыз етті.

Мектеп басшысы Саметова О.Б. ата-аналар мен балаларды жаңа оқу жылымен құттықтай отырып, сыйлықтарын салтанатты түрде қолдарына табыс етті.

Балалардың ата-аналары мектеп басшысына және ұстаздар ұжымына өздерінің шексіз алғысын білдірді.

Біртұтас тәрбие бағдарламасы бойынша жылдық жоспар құрылып, іс-шаралар өткізілді. 1 қыркүйек – Білім күніне арналған «Мектебім-мейірім мекені!» атты тақырыбында 1-10 сынып оқушыларымен салтанатты жиын өтілді. 1 қыркүйек – Білім күніне арналған «Мектебім – мейірім мекені!» тақырыбында 1-10 сынып оқушылары арасында класс сағаттар өткізілді. Мектебімізге 1-сыныпқа 12 оқушы қабылданды. «Жол тәртібін білейік, аман-есен жүрейік» «Жеткіншектің жеті жарғысы» жобасы бойынша іс-шаралар өтілді.

"Еңбек күні" мерекесіне орай мектеп оқушыларымен "Таза сенбілік күні" өтті. Сенбілік күні оқушылар айналасы тазалады. Республикалық "Ақберен" шығармашыл оқушылар байқауының аудандық кезеңі Ш.Уәлиханов атындағы ЖОББМ өтті. Байқау 5 номинацияны қамтыды. Эссе жазу номинациясы бойынша 8-сынып оқушысы Қарбаева Аружан 3-орын, 9-сынып оқушысы Данияров Диас 2-орын, 10-сынып оқушысы Садықов Ілияс 3-орынды иеленді. "Ақындар мұшайрасы" номинациясы бойынша 9-сынып оқушысы Абылхадыр Толғанай 2-орын. Көркем сөз номинациясы бойынша 9-сынып оқушысы Мұхаматжан Аяулым 3-орын иегері атанды. Оқушылардың

жетекшісі қазақ тілі мен әдебиет пәнінің педагог-зерттеуші мұғалімі Сейтжанова Аклима Барамисовна.

"Жаңа Қазақстанда ақындар айтысының дамуы" тақырыбында дебат өтті. Республикалық балалар оқуы байқауының аудандық кезеңі өтті. 9-сынып оқушылары "Ғасырлар тарихты жырлайды" тақырыбында жасөспірімдерге арналған кітаптар(Ә.Кекілбаевтың "Үркер" романы және Роберт Льюис Стивеннің "Қазына аралы" романы) бойынша берілген тест және эссе жазу тапсырмаларын сәтті орындап, 9-сынып оқушысы Абылхадыр Толғанай жүлделі 1-орынға ие болып, байқаудың облыстық кезеңіне жолдама алды. Қабырға газеті байқауы "Ұлттың ұлы ұстазы-Ахмет Байтұрсынұлы арналып, өткізілді. 5-қыркүйек Қазақстан тілдер күні және қазақ тілінің негізін қалаушы, мысалшы, аудармашы, ұстаз -Ахмет Байтұрсынұлының туған күніне орай ақын шығармашылығымен танысу, өлеңдерін жатқа оқу сайысы өтті. Іс-шараның мақсаты ақынның өмірі мен шығармашылығын насихаттау. Қазақ тілі мен әдебиет пәнінің мұғалімі Сейтжанова Аклима Барамисовна Тілдер күніне арналған оқушыларды «Сөз мәйегі мақал» дегендей, ата-бабамыздан қалған өсиет сөздер арқылы адамгершілікке, ойын нақты дұрыс жеткізуге, тапқырлыққа, салмақты ой айтуға үйрету, ана тілінде сөйлеу шеберлігін арттыру, сөздік қорын молайту мақсатында «Мың бір мақал» сайысын өткізді. 7 - 8 сынып оқушылары қыркүйек айында балаларға салауатты өмір салтын насихаттау мақсатында "Сергіту сәті" челленджін өткізді. "Шабытым менің пырағым" атты поэзия кеші 7,8,9 сынып аралығында Рахимбекова Н.А ұйымдастыруымен өткізілді. Оқушылар дайындаған өлеңдерін оқыды. Сынып жетекшілер сыныптармен «Тілім менің таусылмайтын байлығым» атты 5-9 сыныпта тәрбие сағаты өтілді. Осы қағида негізінде «Тілдер мерекесіне» орай "Тіл мәртебесі -ел мерейі" тақырыбында қазақ тілі мен әдебиет пәнінің мұғалімі Сейтжанова Аклима Барамисовна 7-10-сынып оқушылары арасында эссе жазды. Мақсаты: тақырыпты аша білу, сауатты жазу, тақырыпқа сай деректерді қолдана білу дағдыларын қалыптастыру. Тіл - ұлттық құжатымыз, адамгергілік келбетіміз. Тәуелсіздікті айрандай ұйытып отырған - мемлекеттік тіл. Бейбітшіліктің де, саяси тұрақтылықты да негізгі кілті - ана тілінде жатыр. "Қазақ халқының біртуар перзенті, Алаш қайраткері, ақын Мағжан Жұмабаевтың туғанына 130 жыл Қазақ халқының біртуар перзенті "Мағжан Жұмабаев - заманның заңғар тұлғасы" тақырыбында диктант жазуға Ш.Уәлиханов атындағы ЖОББ мектебінің 20-ға жуық ұстаздары мен оқушылары қатысты. Балаларға мемлекеттік тілдің өркендеп, оянуына, мемлекеттік тілімізді сүйуге, мәртебесін биік ұстау жөнінде, әр ұлттың өзіндік ерекшеліктері, салт-дәстүрі діні, тілі болатынын түсіндірілді. «Отбасы – бақыт мекені» Отбасы құндылықтарын дәріптеу, ата-ана мен баланың арасындағы қатынасты тәрбиелеу, оқушылардың бойында отбасына деген сүйіспеншілікті тудыру.

21.09.2023 жылғы ✓ 2-4223 хаты негізінде мектебімізде Нашақорлыққа және

есірткі бизнеске қарсы күрестің 2023-2025 жылдарға және Нашақорлықтың алдын алу бойынша 2023 жылға арналған іс шаралар өткізілді.

Нашақорлықтың алдын алу мақсатында "Нашашорлық ғасыр дерті " тақырыбында түсінік жұмыстары жүргізілді.

Мектемізде қызылшаның алдын алуға, вакцинацияның маңыздылығын түсіндіру мақсатында жалпы ата аналар жиналысы ұйымдастырылып өткізілді. Онда мектеп медбикесі "Қызылшаның таралу жолы, этиологиясы сақтану шаралары" тақырыбында баяндама оқып, слайд арқылы көрсетті. Себепсіз сабақтан қалған, қызылшамен ауырған оқушылар жоқ. Қатысқан оқушы саны 80 .

"Төрт тоқсан - төрт өнер" Ұлттық мәдени - ағартушылық жобаның "

1 тоқсан ақындар айтысы" Ақмола облысы білім басқармасының Қорғалжын ауданы бойынша білім бөлімі Ш.Уәлиханов атындағы ЖОББМ. 26 қыркүйек күні "Шабытым менің пырағым" атты поэзия кеші 7,8,9 сынып аралығында Рахимбекова Н.А ұйымдастыруымен өткізілді. "Мәңгілік ел және ұлы дала құндылықтары " тақырыбында 9-10-сыныптардың қатысуымен дөңгелек үстел өткізілді. Оқушылар өз пікірлерін, ойларын ортаға салды. Мектебіміздің ата-анасы К.Айгерим "Менің отбасым-шығармашыл отбасы " тақырыбында. Отбасы деген не? Ол біздің қолдаушымыз, қорғаушымыз, қарым-қатынасқа түсуді, махаббатты, сүйіспеншілікті көрсетуді, алуды үйрететін орта. Ол біздің мінез-құлқымызды қалыптастырады, қиындықтан шығу жолдарын көрсетеді. Қиналғанда да алғашқы болып көмек қолын созатын, ол біздің ең жақын адамдарымыз, олар сәтсіздікте демеп, қуанышты бөліседі деген ойды насихаттады. Мектепте өрт немесе басқа да төтенше жағдайда не істеу керек екені әр мұғалім мен оқушы білуге тиіс. Осы мақсатта Ш. Уалиханов атындағы ЖОББ мектебінің АӘД пәнінің мұғалімі Әбдікәрімов Сағат Садықұлы мектеп оқушыларымен төтенше жағдайда қауіпсіздік шараларын сақтау ереже - нұсқаулықтары талқыланып, акпарат берді. Сонымен қатар «Қауіпсіздік ережесі» тақырыбында төтенше жағдайға байланысты профилактикалық жұмыстар мұғалімдерге, мектеп қызметкерлері мен оқушыларға өрт немесе түтін дабылы кезінде не істеу керектігі түсіндіріліп, әрекет жұмыстары көрсетілді.

“Төрт тоқсан-төрт өнер” ұлттық мәдени-ағартушылық жобаның өткізіліп жатқан “Ақындар айтысы” сайысы бойынша 9-сынып оқушылары арасында өткізілген пікірталас-дөңгелек үстел өтті.

.Ш.Уалиханов атындағы ЖОББ мектебінде «Ұстаздар күніне» арналған Дублер күні өтті. Шараның мақсаты: мектептегі өзін - өзі басқару жұмысын жандандыру, тұлғаның көшбасшылық қасиеттерін ашып, білім алушылардың ұйымдастырушылық қабілеттерін іске асырып, тапсырылған іске жауапкершілікпен қарауға баулу.

9 - 10 сынып оқушылары пән мұғалімдерінің қолдауымен өздерінің мұғалім мамандығына тән қасиеттерін көрете білді.

Ш. Уалиханов атындағы ЖОББ мектебінде “Төрт тоқсан-төрт өнер” ұлттық мәдени-ағартушылық жобаның 11.09-24.10 аралығында өткізіліп жатқан “Ақындар айтысы” тақырыбында «Домбырам менімен егіз бе едің?» сайысы өткізілді. Тәрбиелік мақсаты: Бүгінгі егеменді еліміздің болашағын көркейтуге ат салысуға шақыру. Ата- бабаларымыздың өсиетін қадір тұтуға, айтыс өнері арқылы әдет ғұрып, салт- дәстүрлерді сыйлауға, өз ойын кең мазмұндап жеткізе білуге үйрету. Үйірме жетекшісі: Ташенова Орынтай Акишевна

21-қазан күні "Мектеп Ұланбасы" сайлауын өткізді. Сайлау науқанына оқушылар жаппай қатысып белсенділік танытты. Жыл оқушысы байқауының аудандық кезеңі өтті. Байқауға 9-сынып оқушысы, оқу озаты Садық Жолдас қатысып, жүлделі 3-орынға ие болды.

"Балалар оқуы" байқауының облыстық кезеңі өтіліп, мектебіміздің 9-сынып оқушысы Абылхадыр Толғанай грамотамен марапатталды. «Әнұран айту» челленджі өтілді. Мектеп ұстаздарымен оқушылар түгелдей қатысты. Мектепте Президентін ұлықтау рәсіміне арналған салтанатты жиын өтті. Президенті болып сайланған 8 сынып оқушысы Карбаева Аружанға куәлік және төс белгі табысталды.

"Біртұтас тәрбие бағдарламасы" бойынша тәрбие құндылықтарымен таныстыра келе құқық бұзушылықтың алдын алу мақсатында "Оян, ар мен адалдық" тақырыбында жиналыс өтті.

15 -қараша Ұлттық валюта күні. Теңгемізге -30 жыл.

"Теңге - мемлекет келбеті" тақырыбында 5 "а" сыныбында тәрбие сағаты өтілді. Сонымен қатар " Зорлық- зомбылыққа жол бермейміз" тақырыбында 5"а" сыныбында әңгіме сағаты өткізілді. Сынып жетекшісі: Ауқенова З.Қ

9-10 класс оқушылары арасында “Бес асық” ойыны бойынша челлендж өткізілді. Өткізген: дене шынықтыру пәнінің мұғалімі Генеберген М.Б.

Ақмола дарыны"дарынды балалар мен талантты жастарды анықтау және қолдау орталығы "Зерделі" ақыл ой дамыту орталығының ұйымдастыруымен 5-6 сынып оқушыларының арасында "Алтын сақа" математикалық олимпиадасының аудандық кезеңіне 5"а" сынып оқушылары Саятов М қатысқаны үшін алғыс хатпен, Садық Т 3 орын, Нұралы І 3 орын иеленді. 13 желтоқсан күні Республика бойынша бір уақытта "Болашаққа хат" шығарма жазу челленджіне 5"а", 5"ә" , 6, 7, 8, 9, 10-сынып оқушыларын онлайн форматта қатыстырды. Қазақ тілі мен әдебиет пәнінің мұғалімдері Әбдікәрім А.Қ., Сейтжанова А.Б Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығының жұмыс жоспарына сәйкес 8-сынып ата-аналары бойынша түсіндірме жұмыстары жүргізілді.

Бастауыш сынып арасында "Елімнің еркіндігі - Тәуелсіздік" , "Тәуелсіз елім— Қазақстаным" 16 желтоқсан - Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күніне орай 6,8-сыныптарымен «Тәуелсіздік – ел тірегі» “Желтоқсан желі ызғарлы” тақырыптарында тәрбие сағаттары өтілді. Оқушыларды еліміздің

тәуелсіздік алған жылдар қол жеткізген табыстармен таныстыру, тәуелсіздік қасиетті ұғым екенін түсіндіру, жалпы тәуелсіз ел тарихы туралы айтылды. Сынып жетекшілері: Калиева А.У ,Рахимбекова Н.А ."Асық ату"," Бес асық" тақырыбында сынып сабағы өтілді. Мақсаты асық ату мен Бес асық ойынын дамыту. Қазақтың ұлттық ойындарының ережесін, ойнау тәсілдерін үйрену. Ұлтжандылыққа тәрбиелеу. Дене тәрбиесі мұғалімі Генеберген М.Б.

Сынып жетекшілер Рахимбекова Н.А.Салихова А.Қ Калиева А.У. 6-9сыныптар арасында "Зорлық-зомбылықсыз балалық шақ!" тақырыбында тәрбие сағаты өтілді.

Оқушыларға зорлық-зомбылық туралы мағлұмат беріп ,адамның жаны мен тәніне үлкен зардап әкелетін соққы екенін және зорлыққа қарсы біздің елімізде заң бар екенін айтылды.

Сынып жетекші Билялова А.Р 1"А"сыныбында «Рахмет,саған Әліппе!» әліппемен қоштасу ертеңгілігі өтті.

Қазақстан Республикасының тұңғыш Қорғаныс министрі, Халық қаһарманы, Кеңес одағының Батыры армия генералы Сағдат Қожахметұлы Нұрмағанбетовтің 100 жылдығына арналған мергендер сайысын АӘД пән мұғалімі Абдыкаримов С.С жоғарғы буын оқушылар арасында өткізді.

8-11-сынып оқушылары арасында "Мәшһүр-Жүсіп оқулары " Білімді, зерек адам болам! десең ,Қара өзінді басқаның айнасымен" эссе жазды.

"Мәшһүр -Жүсіп шығармалары және "Ұлы даланың ұлы есімдері" ұлттың ұлы тұлғаларын сипаттады. Аудандық кезеңнен 9-сынып оқушылары Д.Даняров пен Ж.Садық қатысып жүлделі 1-орынға ие болды.

Бастауыш сынып арасында өтілген сынып сағатында Әбілхан Қастеев қазақтың әйгілі кескіндемешісі, график-суретші, қазақ бейнелеу өнерінің негізін салушылардың бірі.

5-сыныптарда Қазақ жазушысы,қоғам қайраткері ,Қазақстанның еңбек сіңірген мұғалімі Спандияр Көбеевке 145жыл. Ұлы жазушы ,қоғам қайраткерінің өмір жолы,ойлы еңбектері мен халыққа қалдырған асыл мұрасымен, жазушының еңбектерімен, ондағы тәрбиелік мәні бар маңызды дүниелерді таныстырылды. Сынып жетекші Касенова А.Б

“Дос болайық” айлығында 1-4 сынып оқушылары арасында өтті. Біртұтас тәрбие" бағдарламасына сүйене отырып, жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына адал, саналы, жасампаз азаматты тәрбиелеу.

Бастауыш сынып арасында “Дос болайық” акциясында «Дос деген кім?» шығармасын жазып, сурет салды.

5-6 сынып "Шыңайы достық"дөңгелек үстел Сынып жетекшілер Ауқенова З.Қ, Калиева А.Ү. 7-10 сынып оқушылары арасында және ұстаздармен

волейбол жарысы өтті. Өткізген дене тәрбиесінің мұғалімдері: Абдыкаримов М.Ж Генеберген М.Б "Достың да досы бар" пікір сайысы өтілді. Біртұтас тәрбие бағдарламасына негізге ала отырып, ұлттық құндылықтарымызға сай қасиеттерді бойына дарытқан елжанды, шыншыл, саналы, уақыт талабына сай азаматты тәрбиелеу. Оқушылардың достық адалдығы туралы түсініктерін нығайту. Бір-біріне деген жылы лебіздерін, жүректен-жүрекке деген ізгі тілектерің жүрекке жазып алақан іздерің қалдырды. "Дос болайық" акциясы әсерлі өтті.

Мектеп психологі: Касенова А.Н жетекшілігімен «Суицид - психологиялық дерт» әңгіме сағаты және «Менің көңіл күйім!» тақырыбында тренингі өтілді. Оқушыларға өзіне деген сенім арқылы өмірге құштарлығын нығайту.

"Біртұтас тәрбие" бағдарламасы бойынша, ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығы бағытындағы "Даналық мектебі" клубы ішіндегі ұйымдастырылған ағалар клубының «Ағасы бардың жағасы бар» тақырыбындағы сынып сағаты өтті. Өткізген: Генеберген М.Б

"Әжелер мектебінде" "Тыйым сөздер" тақырыбында немерелері қатыстырылып сабақ өтілді. Сабақ өте тартымды, қызықты өтілді. Әжелер ұмыт қалған тиым сөздерді еске түсірді. Өткізген: жетекші Ауқенова З.Қ.

Кеңес әскерлерінің Ауғанстаннан шығарылғанына -35 жыл толуына орай 5-10-сыныптармен "Ерлік елге мұра" тақырыбында "Даңқ бөлмесіне саяхат жүргізілді. Ауылымыздың тумасы, жауынгер-интернационалист Касенов Сайлау ағамыздың ерлік жолы туралы айтылды. Жүргізіп, өткізген бөлме меңгерушісі Ауқенова З.Қ.

8-сыныпта Мәшһүр Жүсіп Көпеевтің өмірі мен шығармашылығы туралы түсінік бере отырып, шығармашылығын меңгерту, ақындық жолдағы жаңалығын және өлеңдерінің қоғаммен байланыстылығын ұғындыру. Сынып жетекшісі: Рахимбекова Н.А

"Кеңес әскерлерінің Ауғанстаннан шығарылғанына 35 жыл толуына" орай Сынып жетекшісі: Калиева А.У. 6-сынып оқушыларымен «Ауғанстан ардагерлеріне тағзым!» тақырыбында сынып сағаты өтті.

«Интернетсіз бір күн»

«Мен OFFLINE» атты республикалық кең ауқымды балалар акциясы өтті.

Акцияның мақсаты - интернетке тәуелділіктің алдын-алу, кәметке толмағандардың интернет белсенділігін бақылау, ересектердің жауапкершілігін, интернет пайдалану мәдениетін арттыру.

4-6 сынып оқушылар арасында «Интернетсіз бір күн» тақырыбына суреттер салынып, сынып ішіндегі ең үздік салынған суреттер анықталды.

Сынып жетекші Калиева А.У. 5-8 сыныптар «Интернетсіз бір күн» атты конкурсы жарияланып өткізді.

"Илияс оқулары" "Заманның заңғар тұлғасы"-буктрейлерлер номинациясы бойынша 9-сынып оқушысы Даняров Диас 2-орын иегері атанды 6- сынып оқушыларымен

Сәкен Нұрмақұлы Жүнісовтың 90 жылдық мерейтойына арналған сынып сағаты өтті.

"Оқуға құштар мектеп" жобасы бойынша 1-6 сыныптар арасында іс-шаралар өткізілді. "Туған жерім - жүрегімде бұлағы" тақырыптарына тәрбие сағатын кітапханашы Рахимбекова Назгул Ашуовна өткізді. «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында «Бір мақал - бір бауырсақ» айдары өтті. Айдарға мектеп ұжымынан бастап, аудан ұстаздарыда ат салысты. Мақсаты, ұлттық тағам – бауырсағымызды дәріптей отырып, мақал айтуға, жаттауға, есте сақтауға баулу. Іс-шара барлығына ұнады. Мақалдарын айта отырып, бауырсақтарын алды.

1 наурыз - Алғыс айту күніне орай «Алғыс айту парызым» атты тақырыбында 5 - 7 сынып оқушылары арасында жазба жұмыстары орындалды. Оқушылар шығармашылық жұмыстарында халқымыздың егемендігі мен елдігін, сыйластығы мен еліміздің теңдігін көрсететін азаматтарына құрметтерін білдіріп, барша ұстаздары мен жақындарына, достарына алғыстарын айтып, құрметтерін білдірді. 1 наурыз - «Алғыс айту» күніне орай 5 - 6 сынып оқушыларының қатысуымен сурет көрмесі ұйымдастырылды.

Сынып жетекші Калиева А.У. 6-сынып оқушылар арасында

Шәкәрім Құдайбердіұлының өмірі, шығармашылығы тақырыбында сынып сағаты өтті. Оқушыларға Шәкәрім шығармашылығының табиғатын таныту, Шәкәрім тұлғасын толыққанды қарастыруға күш салу. Сонымен қатар

Жеңіскер Қазақстан: Рақымжан Қошқарбаев тақырыбында сынып сағаты өтті. Оқушыларды Отан сүйіспеншілікке, патриотизмге тәрбиелеу, Отанды қорғауға, батыл да батыр ержүрек болуға үйрету, елін, жерін жаудан қорғай білуге бейімдеу.

Оқушылар арасында "Ризашылық-мейірімділік бұлағы" тәрбие сағаты

үлкен-кішіге деген сүйіспеншілігін, сыпайылық қарым-қатынасын дамыту, әдептілікке, кішіпейілдікке, ізеттілікке тәрбиелеуге баулу.

7-наурыз күні 5"а"-сыныбында "Ана - аса қымбатты жан" т-да 8-наурыз "Аналар күніне " арналған тәрбие сағаты өтілді. Сынып жетекшісі: Аукенова З.Қ

«Ана- өмірдің шуағы» «Ана бақыты-бала бақыты» тақырыбында аналар мерекесіне орай тәрбие сағаттары өткізілді.

Сынып жетекшілер Калиева А.У., Касенова А.Б., Абдыкаримова А.Қ

Наурыз мейрамының жоспарына сәйкес "Наурызнама" концепциясына сай бастауыш кластарда "Көрісу күні. Амал мерекесі" өткізілді.

Өткізген: бастауыш класс мұғалімдері.

“Мәдениет және ұлттық салт —дәстүр” күніне орай 6 сынып оқушысы Ә.Аяжанның әжесі мен анасы “Шашбау”салт-дәстүрін көрсетті.

17-наурыз күні "Шаңырақ" т-да 5"а"-сыныбында тәрбие сағаты өтілді.Ата-аналар қатысып, дәстүріміз жайлы айтып берді. Отбасы құндылықтары шаңырақтан басталатынын,неке қию рәсімі, дана, сыйлы ақсақалдардың бата беруі ,нәрестелі болған ата-аналарды құттықтау"Наурыз- базарлық"естелік сыйлығын ұсыну сияқты әдеп-ғұрыптар көрсетілді. Сынып жетекшісі: Аукенова З.Қ.

ЖОББМ -де Наурызнаманың онкүндігінде ұлттық киімдерді танымал ету арқылы, мектеп ұстаздары мен оқушылары қазақ халқының салт - дәстүрін дәріптеп, әдеп - ғұрыптарға құрмет көрсетті.Жаңару күні атап өтілді. Наурыз-Жаңару мен жасампаздықтың бастауы, ырыс пен берекенің арқауы болған. "Наурызнама" концепциясы жобасы аясында

23-наурыз -Тазару күні. Наурызнаманың қорытындысы күні жаңа жылды тұтас ел болып, жаңа мақсат, жаңа үмітпен қарсы алудың символы ретінде етіп жарияланды.Бұл күні Қазақстанның барлық аймақтарында жалпыұлттық экологияға байланысты мектеп алаңында оқушылармен қар тазалау акциясы өтті.

"Тоғыз ай тоғыз іс-шара" жобасы негізінде " Балбырауын”челленджіне Ш.Уәлиханов атындағы ЖОББМ -де қатысты. "Наурызнама" концепциясы жобасына сәйкес 20-наурыз "Ұлттық ойын " күні болып жарияланды. Көктемгі демалыс кезінде мектепшілік жоспарға сай оқушылармен онлайн "Ата дәстүр -асыл қазына " челленжін жалғастырып, "Қазақтың ұлттық тағамдары " бауырсақ пісіру бойынша шебер-сынып өтті.

Ш. Уалиханов атындағы жалпы орта білім беретін мектебінде жоғарғы сынып оқушыларының ата - аналарымен мамандық таңдау бойынша жиналыс өткізілді. Мұнда кәсіби бағдар бойынша ата - аналардан «Баланың мамандық таңдаудағы ата - ананың ролі» тақырыбында сауалнама алынды. Мақсаты: Ата- аналар жеткіншектердің болашақ кәсіби түрде тиімді мамандық таңдауына және мамандық таңдауда бейімділігі мен қабілеттілігін анықтау, өз бетімен таңдауға мүмкіншілік беру туралы түсіндіру. Жауапты жетекші: Қасенова А. Б

Республикалық "Абай оқуларының "аудандық кезеңінен жүлделі 1-орынмен облыстық кезеңге жолдама алған оқушыларымыз :

Абылхадыр Толғанай 9-сынып оқушысы"Сөз өнеріндегі Абай бейнесі" номинациясы .

Макышев Еразамат 9-сынып оқушысы "Көңілім әнді ұғады" номинациясы, Садық Жолдас 9-сынып оқушысы "Абайдың ақын шәкірттерінің шығармалары"номинациясы бойынша жолдама алды.



8-сынып оқушысы Карбаева Аружан Көңілім әнді ұғады "номинациясы 2-орын. Мұхамеджан Аяулым "Өлең сөздің патшасы,сөз сарасы..." номинациясы 3-орынды иеленді.

Мектеп оқушылар арасында «Бала құқығы - асыл қазына»,

«Балам бол, басқа бол — бәріңе заң біреу — ақ» Жүсіп Баласұғұн. Оқушыларды құқықтық саналылыққа тәрбиелеу. Құқықты білуге, орындауға дағдыландыру.

«Бір сұрақ - бір бауырсақ» айдары өтті. Айдарға «Абай оқулары» байқауының қатысушы оқушылар және мектеп оқушылары түгелдей ат салысты. Мақсаты, ұлттық тағам – бауырсағымызды дәріптей отырып, Абай Құнанбаев туралы мағлұмат алу, есте сақтауға баулу. Сұрақтарға жауап бере отырып,бауырсақтарын алды. 3-4 сынып оқушылармен “Абай оқулары “ мәнерлеп оқу байқауы өтті . Абай оқуларының негізгі мақсаты қазақ халқының әдеби мұраларын дәріптеу , ұлттық мұраға деген сүйіспеншіліктерін арттыру. Өткізген: Игибаева Л. О

"Абай оқуларының" "Абайдың ақын шәкірттерінің шығармалары" номинациясы бойынша облыстық кезеңінің 3-орын жеңімпазы 9-сынып оқушысы Садық Жолдас иеленді.

"Туған өлкем"жобасы негізіндегі "Тоғыз айға тоғыз іс-шара" тұжырымдамасына сәйкес Республикалық "Шахмат ойнау" челленджіне Ш.Уалиханов атандағы ЖОББМ-нің оқушылары қатысты.

Ғарышкерлер күні! 1961 жылы 12 сәуірде Қазақстанның Байқоңыр аймағынан тұңғыш космос кораблі ғарышқа аттанғаны туралы айтылды. Сонымен қатар өз елінің ұлттық батырлары, ұшқыш-ғарышкерлер: Тоқтар Әубәкіров, Талғат Мұсабаев және Айдын Айымбетовтер де бар. Олардың есімдері Қазақстан тарихы бетіне алтын әріптермен жазылды.

Бастауыш сынып арасында 1-4 сынып оқушыларымен “Көңілді старт” тақырыбында спорттық сайыс ұйымдастырылды.

Ойын кезінде өзін-өзі бақылау арқылы белсенділікке, сенімділікке, қайсарлыққа, батылдыққа, ұйымшылдыққа тәрбиелеу.

Мамандықты дұрыс таңдау тақырыбында ата - анамен кезекті кездесу ұйымдастырылып, түсіндірме жұмыстары жүргізілді. Оқушылар мен ата - анаға баланың мамандыққа бейімделу мен қабілеттілігін ертерек анықтау керек екенін көрсету. Ата - аналарға жеткіншектердің болашақ мамандықты өз бетімен таңдауға мүмкіншілік беруін түсіндіру.

Мамандықтану жетекшісі: Қасенова А. Б

"Құстарға қамқор болайық" экологиялық таза материалдан құстарға үйшік жасады. 10-сынып оқушылары

"Мағжан оқуларының" ғылыми-шығармашылық байқауының "Ақын да бір бала ғой айға ұмтылған" жас дарындар конкурсы номинациясы бойынша аудандық кезеңіне қатысып 3-орын жеңімпазы 7 - сынып оқушысы Болат Кәусәр.

Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың тапсырмасы бойынша елді мекендерді абаттандыру мақсатында білім беру ұйымдарында мектеп ауласына ағаштар отырғызу, гүлзарлар егу жұмыстары жүргізілді.

Қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі Әбдікәрім А. Қ Жазушы, драматург, аудармашы, әдебиеттанушы, педагог — Жүсіпбек Аймауытовтың 135 жылдығына орай «Ел жүрегінде қалған есім» тақырыбында сынып сағаты өтілді.

Сынып жетекшілер Сәуірдің 30-ы күні 5"а"-сыныбында "1 мамыр- Бірлік, Ынтымақ күні" «Бейбітшілік – ел тілегі», «Ынтымақ достық кепілі» тақырыбында сынып сағаттары өтілді.

"Мамыр-ынтымақ айы" айлығы аясындағы "Таза Қазақстан" челледжіне қатысты. Мектеп түлектері мектеп ауласына ағаш көшеттерін отырғызды.

"Ел ертеңі -бүгінгі жас ұландар" тақырыбында 9-10-сынып оқушыларымен тәрбие сағаты өтті. "Ерлік-елге мұра ,ұрпаққа ұран" , “Ер есімі – ел есінде”, “Ерлік – елге мұра” 5-8 сынып оқушыларымен тәрбие сағаттары өтті.

7 – мамыр Отан қорғаушылар күні мерекесін «Айбынды-Ұландар» 1-4 сынып арасында сынып сағаты өтілді.

Елін, жерін жаудан қорғай білуге, елінің патриоты болуға тәрбиелеу.

12-мамыр "Аналар" мерекесіне орай 2-сынып та “Ана - өмір шуағы” тақырыбында тәрбие сағатты өтті. 5-6 сыныптарда «Ана – гүл, ана – өмір шуағы» тақырыбында сынып сағатты өтті. 2024 жылдың 15 мамыр күні Қорғалжын ауданы Қараегін ауылының Ш.Уалиханов атындағы жалпы орта білім беретін мектебі бойынша Тоғыз айда тоғыз іс - шара және төрт тоқсанда - төрт өнер "Әншуақ" жобасы аясында "Ата әже" әнін 4 "А" сынып оқушысы Жарқынбек Альбина орындады. Әні. Қ. Молжанов сөзі Қ.Алақөзов

5-7 сыныптар арасында еліміздің тұңғыш Қорғаныс министрі, Кеңес одағының Батыры, халық Қаһарманы, армия генералы Нұрмағанбетов Сағадат Қожахметұлына арналған «Ерлік сабағы» өтті.«Ерлік сабағының» басты мақсаты әлемді қорғаған және болашақ ұрпаққа өз өмірлері үшін еркіндік берген ата-ағаларымыздың ерліктерін мәңгі есте сақтап, Отанға деген сүйіспеншілік сезімдерін арттыру.

24-мамыр Бүгін мектебімізде оқу жылының ақталуына орай «Білімім-Отаныма» атты бірыңғай сынып сағаты өтті. Тақырыбы : Білімім – Отаныма Мақсаты: Биік шыңдарға біліммен шығуға баулу. Танымдық белсенділікті арттырып , өз пікірлеріңді тұжырымдап айтуға, еркін сөйлеуге , өзіне сенімді болуға үйрету.

Қазақ тілі пәні бойынша "Мен.Мектеп.Ұстаз" тақырыбында 9-сынып оқушылары эссе жазды.

Қазақ тілі мен әдебиет пәнінің педагог-зерттеуші мұғалімі: Сейтжанова Аклима Барамисовна

Сынып сағаты Мемлекеттік Әнұранмен басталды. Сонымен қатар оқушылар оқу-ағарту министрінің жолдаған құттықтау сөзін таңдады. 5-7 сынып білім алушыларының оқу жылы қорытындыланып, оқуда жеткен жетістіктері айтылды. Сынып жетекшілер: Аукенова З. Қ, Әбдікәрім А. Қ Ш.Уалиханов атындағы жалпы орта білім беретін мектебі бойынша " жасөспірімдер арасындағы құқықбұзушылықтың, ерте жүктіліктің, суицидтің, қылмыстық істің, заң бұзушылықтың, буллинг және кибербуллингтің алдын алу" мақсатында ата-аналармен кеңейтілген жиын өтілді.